

БАСПАӨЗЕ
ЖАЗЫЛУ

2022



ASTANA

AQSHAMY

АСТАНА

ELORDA.INFO

Сәкен серінің сара жолы



«Жапандағы жалғыз үй», «Ақан сері» романдарымен, «Аманай мен Заманай» повесімен, драмалық шығармаларымен қазақ әдебиеті қоржынына мол олжа салған Қазақстанның халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Сәкен Жүнісовтің туғанына бүгін 90 жыл толып отыр. Жұрт арасында оның жазушылығынан бөлек әншілігі, домбыра, пианино, мандолина секілді бірнеше музыкалық аспапта ойнауы, балуандығы, суретшілігі айтылады. Сан қырлы талант иесі оған Ғабит Мүсірепов қойған Сәкен сері деген атқа шын мәнінде лайық болып, әдебиет әлемінде сара жолын салып кетті.

БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІНЕН БАСТАДЫ

Қаламгер туған Көкше өңірінде өткен Сағынай деген үлкен молда Нұрмақтың тұңғыш ұлының белгілі адам болатынын болжап кетіпті. Анасы Мағрипаның Сәкенге аяғы ауыр кезінде аузы дуалы ақсақал «Ер бала көрейін деп отыр екенсің. Бұл тегін бала емес, талайды аузына қаратқан азамат немесе ұшқан құс пен жүгірген аңның тілін білетін ғалым болар. Ныспысын Нығмет қой» деген екен. Бұл туралы жазушының қарындасы Роза Жүнісованың бір естелігінде айтылады. Ал жазушының өзінен есімінің сыры жайында: «Мен Сәкен Сейфуллин 40 жасқа келгенде туған екенмін. Көзі ашық әкем Сәкендей болсын деп мені Сәкен қойыпты. Шамасы, әкем менің жазушы болғанымды қаласа керек. Мен әкемнің ол үмітін ақтаған секілдімін» деген сөз қалған.

Сәкен Нұрмақұлы бала жасынан әдебиетке құмар болды. Оқушы кезінде оқыған ертегілерін өлеңге айналдыратын. Ал есейгенде жазған алғашқы шығармалары балаларға арналды. «Сонарда», «Әжем мен емші және

дәрігер», «Кімнің мекені жақсы?» сынды тырнақалды туындылары – соның жемісі. Қазақ мемлекеттік университетін бітіргеннен кейін туған ауылында мұғалім болып жұмыс істеді. Одан кейін еңбек жолы «Пионер» (қазіргі «Ақ желкен») журналында жалғасты. Балалар тақырыбына қалам тербеуіне осы жайт әсер еткен болуы керек.

ТЫҢ ИГЕРУГЕ ҚАРСЫЛЫҚ

Жазушының жастық шағы Арқада тың игеру жылдарына сәйкес келді. Қаламгер бұл науқанның қазақ даласына әкелген зардабы мен зиянын өз көзімен көріп, оған қарсы болды. Көрнекті ақын Серік Тұрғынбекұлының «Серіні сағыну» атты естелік-эссесінде бұл туралы мынандай жолдар бар: «сол кезде тың туралы үсті-үстіне қаулап шығып жатқан қаулылардың бірін халық алдында оқып беруді партия хатшысы жас мұғалім Сәкен Жүнісовке тапсырады. Сонда болашақ жазушы Сәкен сері сол жерде не істеген дейсіз ғой? Шағын кітапша болып шыққан қаулыны қалың жұрттың көз алдында белінен бір-ақ жыртыпты да: – Мен Хрущевтің саясатына қарсымын! – деп трибунадан түсіп, алды-артына қарамай тартып отырған. Сол сәттен бастап Қызыл ту ауданында алашапқын басталады. «Ойбай, Сәкен Жүнісов деген жас жігіт «халық жауы» болып шығыпты!». 1937 жылдан бері болмаған осынау «тосын жаңалықты» мектеп директоры дереу аупарткомға хабарлаған, аупартком жерден жеті қоян тапқандай обкомға жеткізген. Обком жедел «комиссия» құрып, Қызыл туға аттандырады. Ішінде «қызыл жағалылары» да бар дейді. «Саяси қылмыскер» болған соң, әрине, қауіпсіздік комитетінің мүшелері де кең қамтылыпты. «Мұздай қаруланған» жедел топ келе жатыр!» деген хабар Сәкенге де жетеді. Содан әлдекімдер «қаш» деп үгіт айтып, ақыры Алматыға аттандырып жібереді. Қызыл туға келген «комиссия» Сәкеннің орнын сипап қалады. Сәкен Алматыға келген соң да «үш әріптің» адамдары соңына түсіп, ұзақ әурелепті...».

Сол тың игеру науқанын қаламгер «Жапандағы жалғыз үй» романымен әшкереледі. Кейіннен бір сұхбатында «Осы науқан елдің берекесін қашырды. Жыртылмаған жер қалмады. Небір қасиетті орындар егіннің астында рәсуа болды. Ауылдарда ұрлық көбейді... Ел бұзылды. Маскүнемдік етек алды. Қазақ әйелдері аузына арақ ала бастады» деп айтқан еді. Астарында отарлау саясаты жатқан осының бәрін романында ашып көрсетті. Арада жылдар өткенде бұл тақырыпқа оралып, «Қос Анар» атты пьеса жазды.

Жалпы Сәкен Жүнісов кеңес өкіметінің қылышынан қан тамып тұрған заманда сол кезде тыйым салынған «жабық» тақырыптарға батыл барды. Сондай шығармаларының бірі де бірегейі – ұжымдастыру кезеңінде қазақ ауылының жүдеу тіршілігін, қандастарымыздың шекара асуын арқау еткен «Аманай мен Заманай» повесі. Бұл туынды желісі бойынша кинорежиссер Болат Шәріп көркем фильм түсірді. Басты рөлдерді Зәмзәгүл Шәріпова, Ерік Жолжақсынов, Райхан Айтқожанова сынды белгілі әртістер сомдаған бұл фильм Түркия, Италия, Үндістан, Ресей елдерінде өткен халықаралық кинофестивальдерге қатысты. Повесть 2018 жылы ағылшын тіліне аударылды.

«АҚАН СЕРІ» ТЕАТРДА ҚОЙЫЛАДЫ

Жазушының шоқтығы биік туындысы – екі кітаптан (дилогия) тұратын «Ақан сері» романы. «Асылы, тарихи адамдар жайлы жазылған туындыларды сөз қылғанда сол тарихи адам өмірде қандай, әдебиетте қандай боп шыққан, көркем шындық тарихи дәлдіктен ауытқымаған ба деген проблемаларға баса назар аудару – орынды нәрсе. Және осы романдарды сөз ете отырып, дәстүр мен жаңашылдық проблемасын да естен шығармаған жөн. Прозаик Жүнісов өмірдегі Ақанның жүрген жолын, өмір сүрген ортасын ол туралы материал тапшы болса да, ерінбей ізденіп, қыруар нақты материал тауып, өмірдегі Ақанның әдебиеттегі Ақандай тамаша образын жасап шығарды. Тарихи дәлдіктен ауытқымай, әрбір оқиға, Ақан басындағы жайтты өз мақсатына – серінің күрескерлік рухын танытуға жұмсаған». Бұл – аталмыш туынды туралы академик Рымғали Нұрғалиұлының пікірі. Осы роман желісімен Әзірбайжан Мәмбетов атындағы Мемлекеттік драма және комедия театры спектакль сахналауды қолға алды. Драмалық шығарма жақында көрерменге жол тартуы тиіс. «Сері туралы роман жазу үшін сол адамның өзі сері болуы керек. Серіліктен құралақан адам серінің тұлғасын қалай сомдайды?! Ал айдай әлемге әйгілі «Ақан сері» романын оқыған адам оның авторы Сәкенді сері демеуге хақысы қалмайды» дейді ақын Серік Тұрғынбекұлы.

«Сәкен творчествосының халықтығы, ұлттық өнерге, салт-дәстүрге, елге, жерге деген махаббаты негізгі үш күрделі туындысы – «Жапандағы жалғыз үй», «Ақан сері» романдары мен «Аманай мен Заманай» атты повесінде қадари-хал түйінделеді. Жазушы халық арасында жүргенде, ол дүние алақанында, ал жазу столында отырып өзімен-өзі жападан-жалғыз қалғанда, дүние – оның алақанында» деген еді Сәкен Жүнісовтің шығармашылығы жайында жазушы Рамазан Тоқтаров. Бұл – замандасының пікірі. Әдебиеттегі алдыңғы толқын ағалары да қаламгердің шығармашылығын жоғары бағалады. Соның ішінде заңғар жазушы Мұхтар Әуезов пен қаламгерге «Сәкен сері» деген атты қойған қазақ әдебиетінің классигі Ғабит Мүсіреповтің алатын орындары ерек.

ӘУЕЗОВТІҢ СОҢҒЫ АСПИРАНТЫ

Мұхтар Омарханұлы Сәкен Жүнісовке университетте дәріс оқыды. Кейіннен ғылымға тартты. Сәкен Жүнісов – Әуезовтің соңғы аспиранты.

«Көргендерімнің ең ірісі, ең маңыздысы – Мұхтар Әуезов дер едім. Әрине, көргеннің де көргені бар, ұлы адамдарды суреттен де, кинодан да, тіпті көшеде көру бар. Ал бір сәт не бір күн емес, үш жыл шәкірті болып, күнде араласпасаң да жиі сөйлесіп, күнде дәріс алмасаң да, жақыннан төккен шапағат нұрын көктем шуағындай сезініп жүрген адамың ұлы адам болса, ол сенің тәрбиелі түзу жолыңа септігін тигізсе, сенің көргенділігіңнің де бар есебі түгенделді дей бер» деген еді жазушы бір сұхбатында. Бұдан Сәкен Нұрмақұлының қаламгер, тұлға болып қалыптасуында Әуезовтің де ықпалы болғанын байқаймыз.

Шәкірті ұстаз алдындағы парызын орындады. Студент күнінде өзі қағазға түсірген лекцияларын кітап етіп шығарды. «Санат» баспасынан 1996 жылы шыққан бұл көмекші оқу құралы «Мұхтар Әуезовтің абайтану туралы

лекциясынан студент Сәкен Жүнісовтің конспектісі» деп аталады. Әуезов негізін қалап, қызмет еткен, кейіннен заңғар жазушының аты берілген қара шаңырақ қазақ драма театрының әдебиет бөлімін басқарды. Қостанай педагогика институтында Қазақстанда алғашқы «мұхтартану» атты факультативтік курс ашып, қырық сағаттан тұратын дәріс оқыды. Кейін Алматы театр институтында тоқсан сағаттық дәрісінде оны толықтырды. Әуезов өмірінен «Кемеңгерлер мен көлеңкелер» пьесасын жазды.

ТАБИҒАТЫ ТҰНҒАН ДРАМА

Драматург ретінде «Кроссворд», «Әр үйдің еркесі», «Қысылғаннан қыз болдық», «Сабалақ Абылай», «Сәукеле», «Жаралы гүлдер», «Ажар мен ажал», «Қызым, саған айтам», т. б. драмалық шығармаларды жазды. Осы туындылар республикалық және облыстық театрларда қойылды. «Сәкен драматургиясында артистизм элементтері басым болып жатады. Ол – жазушының жеке басынан, болмыс-бітімінен туындайтын қасиет. Қаламгер табиғаты тұнған драма іспетті. Туабітті осындай табиғи қасиеттің күшінен де ол – қағаз-қалам сырқатына ұшыраған шығармашылық тұлға. Ол – қалам ұстамаған жағдайдың өзінде не әртіс, не режиссер, не әнші болары басы ашық құбылыс» деген еді белгілі театр сыншысы Әшірбек Сығай.

Сәкен Жүнісов өмірінің соңғы жылдары Астана қаласында тұрды. 2006 жылы осында дүниеден өтті. А.Бараев көшесінде тұрған үйіне ескерткіш-тақтасы орнатылды. 2016 жылы елорданың бір көшесі қаламгердің есімімен аталды. Биылғы 90 жылдық мерейтойын лайықты атап өту үшін Жазушылар одағының Астана қалалық филиалы дайындық жүргізуде. Алматыда да қаламгердің ескерткіш-тақтасы мен көшесі бар. Жазушы туған Көкшетау қаласында да көше мен мектепке аты берілген. Сол мектепте музейі ашылды. Ендігі бір мәселе – Ақмола облысы Бурабай ауданында қаламгердің көзі тірісінде құрылысы басталып, аяқталмай қалған қос қабатты үйді музейге айналдыру. Бұл мәселе көптеген жыл бойы шешілмей келе жатыр. Сәкен Жүнісовтің өзі кезінде жазушы Толымбек Әбдірайымға берген сұхбатында: «Бұл Сәкен Жүнісовтің мұражайы емес, қазақ жазушыларының мұражайы болар еді» деген еді. Енді осы мәселені жергілікті билік, Ақмола облысының әкімдігі, облыстық Мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы шеше алмаса, Мәдениет және ақпарат министрлігінің араласқаны жөн шығар. Үйді аяқтап, жөндеуге республикалық бюджеттен қаржы бөлінсе, іс тезірек реттеліп қалар. Соны биылдан қалдырмай қолға алу керек деп есептейміз.